

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының  
60 жас мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік  
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
**Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған**  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ**  
**ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)  
**«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ**  
**КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,**  
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,  
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста  
**Байтанасовой Карлығаш Медетовны**

**PROCEEDINGS**  
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)  
**“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF**  
**KAZAKH LITERATURE”**  
dedicated to the 60<sup>th</sup> anniversary of literary scientist, distinguished educator and  
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

**Қ17**

**Жалпы редакциясын басқарған:** ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

**Редакция алқасы:** С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,  
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

**«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері»** атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

**ISBN 978-601-385-179-2**

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

**ISBN 978-601-385-179-2**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

## МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i> .....	5
---------------------------	---

### ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ**

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлишар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

диплом қорғауға ғана емес, ғылыми тұжырым жасауға, кең ойлауға, өз пікірін дәлелдей алатын тұлға болуға тәрбиеледі. Оның ұстаздық ұстанымы — тек білім беру ғана емес, бағыт беру еді.

Бүгінде ғылым жолына түскен әрбір шәкіртінің артында Қарлығаш Медетқызы сынды ұстаздың үнсіз еңбегі, көрінбейтін қолдауы, уақытпен өлшенбейтін ықпалы жатыр. Ұстаз берген білім уақыт өте өзгеруі мүмкін, ал ғылымға деген құштарлық пен ізденіске баулу — баға жетпес құндылық.

Өзім Қарлығаш Медетқызын шәкіртінің тағдырына бейжай қарамайтын, ұстаздықты мамандық емес, миссия деп түсінетін тұлға ретінде құрметтеймін.

Ұстаз үшін ең үлкен марапат – шәкіртінің жетістігі десем, Қарлығаш Медетқызы бұл тұрғыда да үлкен құрметке лайық. Бүгінде әр салада табысты еңбек етіп, ғылым мен білімге адал шәкірттері баршылық.

2018 жылы «Үздік оқытушы» атағымен марапатталуы – ұстаздың білім беру саласындағы ерен еңбегіне берілген әділ баға. Бұл марапат – оның кәсіби шеберлігінің, ғылыми-педагогикалық қызметінің және студенттер арасындағы жоғары беделінің айқын дәлелі.

Қымбатты Қарлығаш Медетқызы! Сізге зор денсаулық, шығармашылық шабыт, ғылыми ізденістер мен шәкірттеріңіздің биік жетістіктерін көру бақытын тілеймін! Сіздей ұстаздан білім алудың ерекше бақыты бұйырған көп шәкірттеріңіздің бірімін. Сіздің ғылыми мектебіңіз бен адами өнегеңіз мен үшін қымбат рухани азық болып табылады.

**Сағынадин Гүлназ Сағынадинқызы**

PhD, қауымдастырылған профессор

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

## **ФОЛЬКЛОРИЗМ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ Қ.БАЙТАНАСОВА ЗЕРТТЕУІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ДӘСТҮР ТУРАЛЫ**

Идеялық-эстетикалық бірлік аясындағы әдеби-фольклорлық интеграцияның негізі фольклоризм және фольклоризация деген үдерістерден көрінеді. Егер әдебиет фольклорға жүгініп, одан көркемдік-эстетикалық қуат алатын болса, бұл – фольклоризм көрінісі. Керісінше, фольклор әдебиеттің ықпалымен өз форматын қалыптастырса, ол – фольклоризация үдерісі. Термин авторы – XIX ғ. француз фольклортанушысы Поль Себийо фольклоризмнің мағынасын фольклорды қолданудың түрлі формалары деп түсіндірген. Фольклоризм – тарихи категория. Әдебиеттегі фольклоризм проблемасы біршама уақыт бойы тек жекелеген қаламгерлердің халық шығармашылығына деген қызығушылығы дәрежесінде ғана қарастырылды. Кейінгі жылдары әдебиеттегі фольклоризм проблемасы жаңа сапада зерттеле бастады. Енді фольклоризмнің әдебиеттегі көрінісі әр түрлі қоғамдық-тарихи, идеялық-эстетикалық деңгейде саралау қолға алынды [1]. Ең алдымен «фольклоризм» ұғымына әр текті анықтамалар берілді. Біреулер үшін «фольклоризм қаламгерлердің фольклорға саналы түрде бет бұруы» [2] (У.Б. Далгат - дағыстан зерттеушісі, этнограф), ал кей зерттеушілер «әр түрлі екі көркем жүйенің –

әдебиет пен фольклордың өзара байланысы»; үшіншілер үшін «қазіргі мәдениетте фольклорлық кейіпкерлер мен тәсілдердің қайта түлеуі, жаңғыруы». Әдебиеттегі фольклоризм – бұл тек фольклордағы дайын элементтерді (образдар, сюжеттік мотивтер, көркемдегіш құралдар) пайдалану ғана емес. Фольклоризм – бұл қандай да бір автор шығармашылығындағы (нақты туындысының) көркемдік принциптердің түгелдей немесе түгелге жуық халық шығармашылығына сәйкесуі. Кейде авторлар өзінің туындысында халық дәстүріндегі сюжеттерге сүйенеді. Бұл кезде фольклорлық материалдар мүлдем өзгерген сипатта қолданылады. Бұл да фольклоризм. Сондықтан көркем туындыда фольклоризмнің көрінуі кейде айқын байқалса, кейде оны әбден танып-білу керек. Әдебиеттанушы А.Б.Есин Г.Поспеловтың «Әдебиеттің тарихи дамуының мәселелері» еңбегіне сүйеніп, көркем шығармада мифологиялық, ұлттық, мәдени-элеуметтік, романдық, философиялық мәселелердің болатынын айқындайды [3, 45 б.]. Өнер атаулыға тән таңбалар жүйесі мәтіндегі мәтінді екшеуді талап етеді [4]. Бұл бүгінгі ғылыми айналымдағы «диалог», «интермәтінділік» ұғымдарының мәнін ашады. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы түрліше болды. Фольклордың әдебиетте игерілуі ондағы әдіске, әдіснамаға қатысты. Әдебиет, оның ішінде көркем әдебиет – өнердің бір түрі. «Өнер» деген сөздің өзі көпмағыналы. Бұл жағдайда оның көркемдік қызметі мен нәтижесіне басымдық беріледі. Өнер – шығармашылық сипаттағы эстетикалық құбылыс. Көне грек тіліндегі «эстетика» сөзінің бастапқы мағынасы «есту және көру арқылы сезіну» дегеннен туындайды. Көркем әдебиетті өнердің басқа түрінен бөліп алудың өзі оның сан қырлы, мол арналы сипатын танытады. Сол арнаның бірегейі – фольклор. Әдебиет пен фольклордың тарихи өзара байланысы әлем әдебиеті дамуының мәнді сабақтастығын айғақтайды. Әр дәуірде әдебиеттің фольклорға бет бұруы, қаламгерлердің фольклордың нақты, тарихи кезеңдеріне назар аударуы әдебиеттің басты ұлттық ерекшелігін, халықтығын танытады

Әлемдік деңгейде фольклоризм құбылысы өткен ғасырдан бастап қарқынды зерттелді. Фольклоризмнің ғылыми концепциясын анықтайтын әлемдік деңгейдегі бірегей тұжырымдар (М.К. Азадовский, Д.Н. Медриш, У.Б. Далгат, Д.С. Лихачёв, Н.И. Савушкина, М.А. Тычина, т.б.) бар. Дегенмен белгілі бір қаламгер тарапынан фольклорды қолданудың жеке мәселелеріне қатысты зерттеулер (Е.Я. Ленсу, І.П. Чыгрын, В.Т. Петров, т.б.) саны анағұрлым жоғары. Мәселен, «Русский фольклор» көпжылдық академиялық басылымның «Славянские литературы и фольклор» (1978) деп аталатын XVIII томындағы үздік мақалалардың басым көпшілігі бір автордың шығармашылығы аясында әдебиеттанушылық контекстегі фольклоризм көріністерін жан-жақты талқылауға арналған [5]. Ал жаңа ғасыр белесінде бұл мәселенің теориялық табиғатын зерттеуге күш салынып, іргелі еңбектер (К.М.Ковалёва, О.В.Приемко, В.Рогойша, т.б.) туындағанын аңғарамыз.

Отандық фольклортануда өткен ғасырда ізашар еңбектер болғанымен, әдеби-фольклорлық байланыс мәселесі ел тәуелсіздігі бекігеннен кейін қолға алына бастады. Ғалымдар З.Ахметов, С.Қирабаев, Қ.Мәшһүр-Жүсіп, С.Қасқабасов, Ш.Елеукенов, т.б. тарапынан құнды ой-пікірлер айтылған.

Жалпы, фольклор поэтикасының генезисінен бастап, мифтік ойлаудың көркем ойлауға ұласуындағы үдерістер жайындағы ғалым Зәки Ахметовтің тұжырымдары айрықша. Ғалым фольклор мен әдебиет тарихын бірлікте алып, оларды қазақ көркем сөз өнері тарихының өзара қиысқан екі бағдары деп біледі [6]. Әсіресе, ұлы Абай шығармашылығы мен фольклордың қарым-қатынасына біршама назар аударылды. Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегінде, ғалым Р.Бердібайдың «Кәусар бұлақ» кітабына енген «Абай және ауыз әдебиеті» мақаласында, С.Қасқабасовтың «Абай және фольклор» атты еңбектерінде бұл тақырыпқа арнайы көңіл бөлінді. Өзге де жекелеген ақын-жазушылар шығармаларында фольклорлық, мифопоэтикалық көріністерді талдайтын зерттеу жұмыстары (Қ.Байтанасова, Ж.Аймұхамбет, т.б.) жазылды. Соның ішінде әдебиеттанушы-ғалым, профессор Қарлығаш Байтанасованың «С. Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі» атты зерттеу кітабын [7] айтуға болады.

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, жазушы әрі ғалым Сәбит Мұқановтың шығармашылығы ұлттық әдебиеттің даму тарихында ерекше орын алады. Оның көркем туындылары мен ғылыми-зерттеу еңбектерінде ауыз әдебиеті мен фольклорлық дәстүрдің ықпалы айқын көрініс табады. Осы тұрғыда С. Мұқанов шығармашылығын фольклортану ғылымы аясында зерттеу – қазақ әдебиетінің көркемдік негіздерін терең тануға мүмкіндік береді.

Байтанасова Қарлығаш Медетқызының «С. Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі» атты зерттеу кітабы С. Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық дәстүрдің көрінісін, оның идеялық-көркемдік қызметін кешенді түрде талдауға арналған.

Ғылыми мақсаты – С. Мұқанов шығармашылығындағы фольклорлық дәстүрдің рөлін анықтау, фольклордың көркемдік элементтерінің жазба әдебиетке трансформациялану үдерісін көрсету. Еңбектің өзектілігі С. Мұқанов шығармаларын фольклорлық дәстүр тұрғысынан жүйелі зерттеуде, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиет арасындағы сабақтастықты айқындауда, ұлттық көркем ойлау жүйесінің эволюциясын түсіндіруде көрінеді.

Ғалым С. Мұқановты фольклорды терең меңгерген, оны шығармашылықпен пайдалана білген қаламгер ретінде сипаттайды. Жазушы фольклор жанрларын, образдық жүйесін, тілдік ерекшеліктерін көркем прозада, поэзияда және ғылыми еңбектерінде кеңінен қолданған. Еңбекте С. Мұқановтың эпостық дәстүрге сүйенуі, аңыз-эпсана, мифтік сарындарды пайдалануы, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді көркемдік мақсатта қолдануы жан-жақты талданады.

Зерттеу барысында С. Мұқанов шығармаларындағы фольклорлық элементтердің тек көркемдік әшекей ретінде ғана емес, идеялық мазмұнды тереңдетуші құрал ретінде қызмет атқаратыны дәлелденеді. Фольклорлық дәстүр кейіпкер характерін ашуға, ұлттық болмысты танытуға, тарихи шындықты көркем бейнелеуге, авторлық идеяны халықтық дүниетаныммен ұштастыруға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда С. Мұқанов шығармашылығы фольклор мен жазба әдебиеттің табиғи сабақтастығының үлгісі ретінде қарастырылады.

Зерттеуші Қ. Байтанасова еңбегінде С. Мұқанов шығармаларындағы жанрлық ерекшеліктерге де назар аударады. Эпикалық баяндау, шешендік сөз үлгілері, ауызша әңгімелеу дәстүрі жазушы прозасының поэтикасына негіз болғаны көрсетіледі. Сонымен қатар, халықтық поэзияға тән ырғақ, бейнелі тіл, қайталау мен параллелизм сияқты көркемдік тәсілдердің жазба әдебиетте жаңаша сипат алғаны талданады.

Еңбекте С.Мұқановтың тек жазушы емес, фольклор зерттеуші ретіндегі еңбегіне де ерекше мән беріледі. Оның халық ауыз әдебиетін жинау, жүйелеу және бағалау бағытындағы көзқарастары әдебиеттану мен фольклортану ғылымының дамуына елеулі үлес қосқаны атап өтіледі.

Қазіргі кезеңдегі фольклоризм және фольклоризацияның инновациялық мүмкіндіктерін зерделей отырып, ұлттық сөз өнері контекстінде эстофольклортанудың теориялық аспектілерін жүйелеу мәселесін қолға алынуда. Алынған ғылыми-теориялық концепцияларды оқытудың интегративті білім беру қағидаларына сәйкес жаңа парадигмалары түзілуде. Сондықтан эстофольклортанудың негізгі ғылыми мәселелерін шешу маңызды:

- Фольклор – ауыз әдебиеті – әдебиет триадасының идеялық-эстетикалық аспектідегі ықпалдасу сипаты мен дәрежесін бағалау;

- Ұлттық эстофольклортану саласының пәні, нысаны, теориялық қағидаларын қалыптастыру.

- Эстофольклортану теориясын оқытудың инновациялық тәсілдерін көрсету;

Бұл ретте «С. Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі» атты зерттеудің ғылыми маңызы айқын. Өйткені еңбек қазақ әдебиетін фольклорлық дәстүрмен сабақтастықта қарастыруға мүмкіндік береді. С. Мұқанов шығармашылығын жаңа қырынан тануға жол ашқан. Фольклор мен жазба әдебиет байланысын зерттейтін еңбектер үшін маңызды теориялық негіз бола алады.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Фольклор және қазіргі қазақ әдебиеті. – Алматы: Арда, 2011. – 480 б.
2. Далгат У.Б. Литература и фольклор. – М.: Наука, 1981. – 303 с.
3. Есин А.Б. Принципы и приемы анализа художественного произведения: учеб. Пособие / А.Б. Есин. – 12-е изд., стер. – Москва: Флинта: Наука, 2015. – 248 с.
4. Лотман Ю. Семиосфера. – СПб. : Искусство-СПб, 2000. – 704 с.
5. Русский фольклор. Том 18: Славянские литературы и фольклор / Отв. ред. А. А. Горелов. Ленинград: Наука, 1978. – 210 с.
6. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. Зерттеу. Астана: Фолиант, 2002. – 172 б.
7. Байтанасова Қ. С. Мұқанов және фольклорлық дәстүр мәселесі. – Астана, 2004. – 107 б.